



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ
КҮТУЛЕР
НАУРЫЗ 2025**

Халықтың алдағы 1 жылдағы инфляциялық күтулері құбылмалы күйінде қалып отыр: көрсеткіш 2025 жылғы наурызда 12,6%-ға дейін төмендеді. Бұл үрдіс қазіргі инфляцияны сезінудің әлсіреуіне, айырбас бағамының ықпалы азаюына, сондай-ақ жоғары күтулердің белгісіздік аймағына өтуіне байланысты болды. Биылғы наурызда 5 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні 13,5% деңгейінде қалды. Сонымен қатар, елдің даму перспективасы мен қомақты қаражатқа сауда жасауға дайын болу бойынша бағалаудың өсуі тұтыну көңіл-күйін жақсартқаны байқалады.

Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы наурызда алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ 12,6%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы ақпанда – 13,7%). Ал 5 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы наурызда 13,5% деңгейінде қалды (1-график).


Респонденттердің жауабына қарасақ, бір жылдық кезеңде баға өсімі баяулайды деп күткендердің үлесі алдыңғы аймен салыстырғанда көбейген. Бұл қазіргі инфляцияны қабылдаудың әлсіреуіне, сондай-ақ айырбас бағамы факторының ықпалы азайғанына байланысты болып отыр. Сонымен қатар, 12 айдан кейінгі инфляцияны бағалаудағы белгісіздік деңгейі өсіп барады. Нақты инфляцияның жеделдеуі мен жағымсыз жаңалықтарға байланысты қалыптасқан ахуалға қарамастан, қысқамерзімді инфляциялық күтулердің төмендеуі жоғары күтулердің белгісіздік аймағына өтуіне байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, ұзақмерзімді инфляциялық күтулердегі белгісіздік деңгейі қысқамерзімді күтулерге қарағанда төмен. Бұл, дәл қазір респонденттерге алдағы 12 айдағы инфляцияның қанша болатынын бағалау бесжылдық кезеңді бағалауға қарағанда қиынға соғып отырғанын көрсетеді.

Респонденттер 12 айда баға өсіміне әсер ететін басты факторлар ретінде бірінші тоқсанда дүкендердегі азық-түлік бағасының өзгеруін атап өтті (2-график). Сондай-ақ, коммуналдық қызмет, бензин мен дизель бағасының өзгеруі де көрсетілген. Ал айырбас бағамының өзгеруін атап өткен респонденттердің үлесі едәуір төмендеді.

Бұдан бөлек, ҚҚС-тың өсетіні туралы жаңалықтарға байланысты респонденттер бұл факторды болашақтағы баға өсімінің бір себебі болуы мүмкін екенін алға тартты.

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Алдағы уақытта баға өсіміне әсер ететін факторлар



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

3-график. Респонденттерге сезілген инфляция мен нақты инфляция, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы наурызда кейінгі 12 айда сезілген инфляцияның медианалық мәні 12%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы ақпанда – 12,4%) (3-график).


2025 жылғы наурызда азық-түлік бағасы өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 73,9%-ға дейін азайды (2025 жылғы ақпанда – 79,7%). Сонымен қатар, азық-түлік емес тауарлардың қымбаттағанын айтқандардың үлесі 12,6%-ға (9,2%), ал ақылы қызметтер қымбаттағанын байқағандар 9,9%-ға дейін өсті (8,1%).

2025 жылғы наурызда респонденттердің көбі азық-түліктен – жеміс-жидек пен көкөніс, ет және сүт өнімдері едәуір қымбаттағанын айтты. Азық-түлік емес тауарлардан – халық дәрі-дәрмек, тұрмыстық химия және киім мен аяқкиім бағасы өскенін көрсетті. Ал ақылы қызметтерден – тұрғын үй-коммуналдық қызметтері, интернет және ұялы байланыс, медициналық қызметтер бағасы көбірек өскенін байқаған (4-график).

4-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтыну көңіл-күйі

2025 жылғы наурызда тұтыну көңіл-күйі индексі 98,9-ға дейін өсті (2025 жылғы ақпанда – 97,1) (5, 6, 7-графиктер). Күтуді бағалауда елдің дамуына қатысы болжамдар жақсарды: алдағы бір жылға – 112,8-ге, ал алдағы бес жылға – 98,3-ке дейін өсті. Сонымен қатар, алдағы бір жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруін бағалау көрсеткіші 108,5-ке дейін төмендеді.


Қазіргі жағдайды бағалауда кейінгі бір жылдағы жеке қаржылық жағдайды бағалау көрсеткіші төмендеп, 83-ке түсті. Соған қарамастан, қомақты қаражатқа сауда жасауға дайын болу деңгейі 91,7-ге дейін өсті.

5-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі²




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

6-график. Күтулерді бағалау



7-график. Қазіргі жағдайды бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТПЕЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті, бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

² Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.